

## Откен жылдардағы егін орағы астығының қалдықтарын және оның мемлекеттік ресурстағы үқсатылған өнімдерін мемлекеттік азық-тұлік контрактілік корпорациясының иелігіне беру туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 5 қыркүйек N 1228. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 13 наурыздағы N 301 Қаулысымен.

**Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 13 наурыздағы N 301 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 1995 жылдың 1 тамызындағы жай-күй бойынша жүргізілген түгендеудің қорытындысы және жасалған жауапты сақтау шарттары бойынша мемлекеттік ресурстағы астық пен астық өнімдерінің қалдықтары Мемлекеттік азық-тұлік контрактілік корпорациясының (бұдан әрі - Корпорация) иелігіне берілсін. Аталған астық және астық өнімдерінің сақталуына шартты Корпорациямен қайта жасау кітапшалардағы қалдықтар бойынша жүргізілгені ескеріліп, жұмсалған партиялар бойынша түпкі нәтиже Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жаңындағы Республикалық астық инспекциясының есептеу актісімен бекітілсін. Корпорация мемлекеттік ресурстағы астық пен астық өнімдерінің осы Корпорацияға берілуіне байланысты "Астық" акционерлік компаниясының міндеттемелері бойынша құқықтық мұрагері болып табылады.

2. Мемлекеттік ресурстағы астық пен астық өнімдерінің сатылған партиялары үшін 1995 жылдың 15 қыркүйегінен бастап міндетті алдын ала төлем жасау белгіленсін. Олар тек қана Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілеген тәртіппен Корпорация беретін жіберу құжатымен берілсін.

3. Мемлекеттік ресурстағы астық пен астық өнімдерін сақтайтын кәсіпорындардың басшылары олардың қолда бары, қозғалысы және сандық-сапалық сақталуы туралы Корпорацияға ай сайын есеп берілуін қамтамасыз етсін.

4. Мемлекеттік ресурстағы астық және астық өнімдерінің нысаналы пайдаланылуына және оларды астық қабылдау кәсіпорындары сатқан кезде сатып алғынған астықтың құны мөлшерінде қаржы сомасының бюджетке уақтылы қайтарылуына Корпорация қатаң бақылау орнатсын.

Жергілікті әкімдер мемлекеттік ресурстағы астық және астық өнімдеріне қызмет көрсету және олардың сақталуы, қозғалысы, бюджетке қайтарылуы

жөнінде Корпорация мен астық қабылдау кәсіпорындарына тұрақты түрде  
ж ə р д е м б е р с і н .

Корпорация өзіне жүктелген міндеттерді шешу үшін бюджеттік ұйымдар үшін қарастырылған мүлікті жалға алу шарты мен төлем нысанында оған қажетті үй-жай мен мүліктің тиісті бөлігі беріліп, Корпорацияның аппараты бір апта мерзімде: Алматы қаласы, Төле би көшесі, 73 А мекен-жайы бойынша орналастырылсын, сондай-ақ Корпорацияның облыстардағы өкілдіктерін орналастыру мәселесін шешсін;

аталған үй-жайлар мен мұліктерді "Астық" акционерлік компаниясының жарғы қорынан шығарып, оларды кейін Мемлекеттік азық-түлік контрактілік корпорациясының балансына беру мәселесін екі ай мерзімде шешсін. Қазақстан Республикасының Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК